

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа және мүлік құнының өсуіне қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 727 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа және мүлік құнының өсуіне қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа және мүлік құнының өсуіне қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 7 2 7

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б.Сағынтаев

Р е с п у б л и к а с ы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы

Табысқа және мүлік құнының өсуіне қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі 1994 жылғы 21 наурызда Лондонда қол қойылған, 1997 жылғы 18 қыркүйекте Лондонда қол қойылған Хаттамамен толықтырылған және өзгертілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа және мүлік құнының өсуіне қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Конвенцияның 2-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Осы Конвенция қолданылатын салықтар мыналар болып табылады:
а) Қазақстан Республикасы жағдайында:
(i) корпоративтік табыс салығы; және
(ii) жеке табыс салығы
(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталады);
b) Құрама Корольдік жағдайында:
(i) табыс салығы;
(ii) корпорациялардан алынатын салық; және
(iii) мүлік құнының өсімінен түсетін табысқа салынатын салық
(бұдан әрі «Құрама Корольдіктің салығы» деп аталады).».

2-бап

1. Конвенцияның 3-бабы 1-тармағының а) және б) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
«а) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің ұлттық заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес өз егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;

б) «Құрама Корольдік» термині Ұлыбританияны және Солтүстік Ирландияны білдіреді, бірақ географиялық мағынада қолданылған кезде Ұлыбританияның және Солтүстік Ирландияның аумағы мен аумақтық теңізін және осындай аумақтық теңіздің шегінен тысқары жерлерде Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия өздерінің ұлттық заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды білдіреді;».

2. Конвенцияның 3-бабы 1-тармағының с) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«с) «ұлттық тұлға» термині:

(i) Қазақстанға қатысты – Қазақстан азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны және осындай мәртебені Қазақстандағы қолданыстағы заңнаманың негізінде алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты;

(ii) Құрама Корольдікке қатысты – Құрама Корольдікте тұруға құқығы болуы шартымен Достастықтың кез келген басқа елінің немесе аумағының азаматтығы жоқ кез келген британдық азамат немесе кез келген британдық бодан; және өзінің мәртебесін Құрама Корольдіктегі қолданыстағы заңнаманың негізінде алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді;».

3. Конвенцияның 3-бабы 1-тармағының f) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«f) «компания» термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез келген корпоративтік құрылымды немесе кез келген ұ й ы м д ы білдіреді;».

4. Конвенцияның 3-бабы 1-тармағының i) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«i) «құзыретті орган» термині Қазақстан жағдайында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін және Құрама Корольдік жағдайында оның Ұлы Мәртебелісі уәкілеттік берген Ішкі кірістер және кеден басқармасын немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;».

5. Конвенцияның 3-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияны кез келген уақытта қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес мағынаға ие болады, терминнің осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес кез келген анықтамасы осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін анықтамадан басым болады.».

3-бап

1. Конвенцияның 4-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, инкорпорация немесе тіркелген жері немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа да критерий негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді және сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті және кез келген саяси бөлімшені немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда, бұл термин осы Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе мүлікті сату кезіндегі құнының өсуіне ғана қатысты осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.».

2. Конвенцияның 4-бабы 2-тармағының d) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«d) егер жеке тұлға резиденттігінің мәртебесін осы тармақтың a), b) немесе c) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісуі бойынша шешеді.».

4-бап

1. Конвенцияның 5-бабы 2-тармағының f) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«f) табиғи ресурстарды өндіретін немесе барлайтын кез келген орынды қамтиды.».

2. Конвенцияның 5-бабы мынадай мазмұндағы 4.1 және 4.2-тармақтармен толықтырылсын:

«4.1. Егер осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын дәл осы Уағдаласушы Мемлекетте осы немесе басқа орын арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және

a) осы орын немесе басқа орын осы баптың ережелеріне сәйкес кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын үшін тұрақты мекемені құрса, немесе

b) екі кәсіпорын осы орын арқылы немесе осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын екі орын арқылы жүзеге асыратын қызмет түрлерінің комбинациясы нәтижесінде алынған жиынтық қызметтің дайындық немесе қосалқы сипаты болмаса,

екі кәсіпорын осы орын арқылы немесе осы кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорын екі орын арқылы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет жалпы кәсіпкерлік қызметтің бір бөлігі болып табылатын, өзара толықтыратын функцияларды білдіретін жағдайларда кәсіпорын пайдаланатын немесе күтіп-ұстайтын кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орнына 4-тармақ қолданылмайды.

4.2. 4.1-тармақтың мақсаттары үшін, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайлардың негізінде біреуі екіншісіне бақылау жасаса немесе екеуі де сол

тұлғалардың немесе кәсіпорындардың бақылауында болса, тұлға кәсіпорынмен тығыз байланысты болып табылады. Кез келген жағдайда, егер біреуі екіншісінде бенефициарлық қатысу үлесінің 50 пайыздан астамын (немесе компания жағдайында жиынтық дауыс беру пайыздарының және компания акциялары құнының немесе компания капиталындағы бенефициарлық қатысу үлесінің 50 пайыздан астамын) тікелей немесе жанама иеленсе немесе егер басқа тұлға арқылы және кәсіпорында бенефициарлық қатысу үлесінің 50 пайыздан астамын (немесе компания жағдайында жиынтық дауыс беру пайыздарының және компания акциялары құнының немесе компаниядағы бенефициарлық қатысу үлесінің 50 пайыздан астамын) тікелей немесе жанама иеленсе, тұлға кәсіпорынмен тығыз байланысты ретінде қаралуға тиіс.».

5-бап

Конвенцияның 10-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Алайда, резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осындай дивидендтерге салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша а л ы н а т ы н с а л ы қ :

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 10 пайызына тікелей немесе жанама иелік ететін компания болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 пайызынан а с п а у ғ а т и і с .

Осы тармақтың ережелері одан дивидендтер төленетін компанияның пайдасына салық салуды қозғамайды.».

6-бап

1. Конвенцияның 11-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болып, оған байланысты пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттеме туындайтын және осындай пайыздар бойынша шығыстарды тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда осындай пайыздар мұндай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп е с е п т е л е д і . » .

2. Конвенцияның 11-бабының 9-тармағы алып тасталсын.

7-бап

1. Конвенцияның 12-бабының 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялтиді төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі болып, оған байланысты роялтиді төлеу жөніндегі міндеттеме туындайтын және осындай роялти бойынша шығыстарды тұрақты мекеме төлейтін болса, онда осындай роялти тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.».

2. Конвенцияның 12-бабының 8-тармағы алып тасталсын.

8-бап

Конвенцияның 21-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген резидент пен кез келген басқа тұлғаның арасында немесе сол екеуі мен қандай да бір үшінші тұлғаның арасында арнайы қатынастардың болуы себебінен осы тармақта көрсетілген табыстар сомасы олардың арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісе алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда табыстың басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.».

9-бап

Конвенцияның 22-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 2 - б а п

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстанның шегінен тысқары жерлерде төленетін (жалпы қағидаттарды қозғамайтын) салықты қазақстандық салықтан шегеруге рұқсат беретін Қазақстан заңнамасының ережелері ескеріле отырып, Құрама Корольдіктің заңнамасына сәйкес және осы Конвенцияға сәйкес тікелей немесе есепке жатқызу жолына қарамастан, Құрама Корольдіктегі көздерден туындайтын пайдадан, табыстан немесе құнның өсуінен төленетін Құрама Корольдіктің салығы Құрама Корольдіктің салығы есептелген сол пайдадан, табыстан немесе құнның өсуінен есептелген қазақстандық салықтан шегеруге рұқсат етіледі.

2. Құрама Корольдіктің шегінен тысқары жерлерде төлеуге жататын салықты Құрама Корольдіктің салығынан шегеруге рұқсат беретін Құрама Корольдік заңнамасының ережелеріне сәйкес немесе Құрама Корольдіктің шегінен тысқары

жерлерде туындайтын дивидендтерді немесе Ұлыбританияның шегінен тысқары жерлерде орналасқан тұрақты мекеменің (жалпы қағидатты қозғамайтын) пайдасын Құрама Корольдіктің салығынан босатуға рұқсат беретін жағдайларға қарай:

а) Қазақстан заңнамасына сәйкес және осы Конвенцияға сәйкес Қазақстандағы көздерден тікелей немесе есепке жатқызу жолымен туындайтын пайдадан, табыстан немесе құнның өсуінен төленетін қазақстандық салықты (олардан дивидендтер төленетін пайдаға қатысты дивидендтерге салынатын салықты қоспағанда) Қазақстанның салығы есептелген сол пайдадан, табыстан немесе құнның өсуінен есептелген Құрама Корольдіктің салығынан шегеруге рұқсат етіледі;

б) Қазақстанның резиденті болып табылатын компания Құрама Корольдіктің резиденті болып табылатын компанияға төлейтін дивидендтер, егер Ұлыбритания заңнамасына сәйкес босату қолданылатын болса және босату шарттары орындалған болса, Құрама Корольдіктің салығынан босатылады;

с) Құрама Корольдіктің резиденті болып табылатын компанияның Қазақстандағы тұрақты мекемесінің пайдасы, егер Ұлыбритания заңнамасына сәйкес босату қолданылатын болса және босату шарттары орындалған болса, Құрама Корольдіктің с а л ы ғы н а н б о с а т ы л а д ы ;

д) Қазақстанның резиденті болып табылатын компания Ұлыбританияның резиденті болып табылатын және дивидендтерді төлейтін компаниядағы дауыс беретін акцияларының ең болмағанда, кемінде 10 пайызын тікелей немесе жанама бақылайтын компанияға төлейтін осы тармақтың б) тармақшасына сәйкес салықтан босатылмайтын дивидендтер жағдайында, осы тармақтың а) тармақшасында аталған шегерім одан осындай дивидендтер төленетін өз пайдаларына қатысты компанияға төленуге тиіс қазақстандық салықты да есепке алады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының мақсаттарында осы Конвенцияға сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі, екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін пайда, табыс және мүлік құнының өсуі осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден пайда болды деп есептеледі.».

10-бап

Конвенцияның 23-бабы мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Осы Конвенцияның басқа ережелеріне қарамастан, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайларды назарға ала отырып, осындай жеңілдік беру мұндай жағдайларда осы Конвенцияның тиісті ережелерінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді деп белгіленген жағдайларды қоспағанда, тікелей немесе жанама түрде жеңілдікке әкелетін мәміленің немесе транзакцияның негізгі мақсаттарының бірі осындай жеңілдікті алу болғаны туралы тұжырым ақылға қонымды жасалса, табысқа немесе құнның өсуіне қатысты осы Конвенция бойынша жеңілдік берілмейді. Осы Конвенцияда ештеңе де

осы қағидатқа сәйкес ұлттық заңнаманың ережелерін қолдануда Уағдаласушы Мемлекетті шектемейді.».

11-бап

Конвенцияның 27-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
« 2 7 - б а п

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей шамада Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың саяси бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнамасын қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен және жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана ашып көрсетеді. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде ашуы мүмкін. Жоғарыда жазылғанға қарамастан, егер мұндай ақпарат екі Мемлекеттің де ұлттық заңнамасына сәйкес пайдаланылса және Мемлекеттің ақпаратты ұсынған құзыретті органы осындай пайдалануға рұқсат берсе, Уағдаласушы Мемлекет алған ақпарат өзге де мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:
а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;
б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты ұсыну;
с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа қайшы келуі мүмкін ақпаратты ұсыну міндеттемесін жүктейтіндей түсіндіріле алмайды.

4. Егер ақпаратты бір Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұратса, егер тіпті осындай ақпарат осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық

мақсаттары үшін талап етілмесе, екінші Уағдаласушы Мемлекет сұрау салынған ақпаратты жинау жөніндегі шараларды қолданады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеулеріне жатады, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндіріле алмайды.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері ақпарат иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл болып табылатындықтан немесе ақпарат меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болғандықтан Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндіріле алмайды.».

12-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет осы Хаттаманың күшіне енуі жөніндегі мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы дипломатиялық арналар арқылы екіншісін хабардар етеді. Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын бұл Хаттама осы хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап күшіне енеді және

е р е ж е л е р і :

а) Қ а з а қ с т а н д а :

(i) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленген немесе есепке алынған табысқа қаржы көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

(ii) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін басқа да салықтарға қатысты қолданылады;

б) Қ ұ р а м а К о р о л ь д і к т е :

(i) осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленген немесе есепке алынған табысқа қаржы көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

(ii) осы Хаттама күшіне енген күннен кейінгі 6 сәуірден бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кез келген жыл үшін табыс салығына және мүлік құнының өсуінен алынатын табыс салығына қатысты;

(iii) осы Хаттама күшіне енген күннен кейінгі 1 сәуірден бастап немесе одан кейін басталатын кез келген қаржы жылы үшін корпорациялардан алынатын салыққа қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, осы Хаттаманың 11-бабында жазылған Конвенцияның 27-бабының ережелері мәселе жатқызылған салық кезеңіне қарамастан, Хаттама күшіне енген күннен бастап қолданылады.

Осыны куәландыру үшін осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

_____ жылғы «___» _____ қаласында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндердің арасында ауытқушылықтар болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Ұлыбритания және Солтүстік

Ирландия Құрама Корольдігінің